

● Бәрекелді!

Жақында Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтында “Су - өмірдің қайнар көзі” атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды. Конференцияда Қазақстан — Германия елдерінің бірлесуімен өткен “Биология және географиядан, ғылыми дала-лық зерттеулер әдістемесі” атты шеберлер класында ең үздік баяндама жасағандарға сертификат табысталды. Осындай сертификатты ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент Ө.Шайықұлы жетекшілік ететін М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың студенттері Н.Бадырақов, Е.Шекербеков жеңіп алды.

“Ақыл жастан” деп дана халқымыз айтқандай, жастардың

мемлекеттік университетінде өткен “Жастар - Қазақстанның стратегиялық потенциалы” атты жас ғалымдардың және студенттердің республикалық ғылыми-практикалық конференциясына, Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен



Жас ғалымдар жұлдемен оралды

білім мен ғылымды игеріп, болашаққа жаңа ізденістермен аяқ басып отырғандығы қуантады. Бір айта көтері, ОҚМУ-да ауылшаруашылығы мамандықтарының ашылғанына көп бола қойған жоқ. Бірақ аз уақыттың ішінде университет құрамындағы агроөнеркәсіп институты ауылшаруашылығын өркендетуге, жаңа технологияларды меңгеріп, Қазақстанның бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылуына үлес қоса алатын жас мамандарды дайындап шығарды. Осы орайда университеттегі жас ғалымдарға жетекшілік етуде ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент Ө.Шайықұлы зор еңбек сіңіріп келеді.

Өткен оқу жылында жоғарыда аталған жұлдегер студенттеріміз Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде өткізілген халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға, Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров атындағы Жетісу

“Ғылым мен білім-2008” атты жас ғалымдардың III-халықаралық ғылыми-конференциясына қатысып, жұлделі орындарды иеленген болатын.

—Бұл конференциялардың бізге берері мол болды. Көңілге түрлі ой түйіп, ғылымның қыр-сырына бойлай еніп қайттық. Ғылымға деген қызығушылығымызды арттырып, талабымыз ұштала түсті. Сонымен қатар осындай басқосулар жастардың келешекте бәсекеге қабілетті маман, рухани жағынан кемел азамат болып қалыптасуына ықпал етеді,- дейді студент жастардың өздері.

Жұлделі оралған жастарымыз жоғарыда аталған конференцияларға қатысуына тікелей үлес қосқан университет ректоры Уәлихан Бишімбаевқа, университеттің құрамындағы агроөнеркәсіп институтының директоры Тұрмұхамед Кенжалы мырзаға өздерінің шексіз алғыстарын білдіреді.

Д.МЕЙІРБЕКОВ